

Қарасу негізгі мектебінің 2021-2022 оқу жылында 6-сыныптың

тәрбие жұмысына талдау

2021-2022 оқу жылының басында 6-сынып 7-оқушы оқушымен бастап, жыл соңында 6-оқушымен аяқтады. 1-оқушы жанұя жағдайына байланысты қоныс аударды. Сыныпта 3-оқушы қыз бала, 3-оқушы ұл бала. 1-оқушы аз қамтылған, 2- оқушы көп балалы отбасынан. Сыныпта 1- оқу озаты, 2- оқу екпіндісі бар. Сынып өте ұйымшыл, қиындық келтіретін оқушы жоқ. Мектебіміздің үйірмелеріне қатысады. Қол күреске -2 оқушы, театрға- 2 оқушы, тоғызқұмалаққа – 2 оқушы қатынасады.

Тәрбие жұмысының жоспары 8 бағытты қамтиды:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу;
- Рухани – танымдық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Зияткерлік және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Бекітілген жоспар бойынша сынып жетекші оқушылармен бірге тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жұмыстанды. Сынып оқушыларының негізгі міндеті мен мақсаты: өзін жеке тұлға ретінде таныту, сапалы білім алу.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты «Туған жер тұмса тарих», «Құқықтық тәрбие», «Желтоқсан алауы-Тәуелсіздік бастауы», «Әдет-ғұрып – асыл қазынам», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Ешкім де ешнәрседе ұмытылмайды» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша : «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Осы бағыттың тиімді тұстары: Іс-әрекеттің байыбына бара алатын, ұстамды, сабырлы, ақылды, жақсы мен жаманды айыра алатын, әр іске дұрыс баға бере алатын адамды тәрбиелеуде әкенін беретін орны бөлек екенін сезіндіру. Ұсыныс: барлық істе де ұйымшылдық таныту, өз пікірлерін ашық айта алуға ықпал жасау.

3. Отбасы тәрбиесі бағытында: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында әңгімелесу өткізілді. Отбасы құндылықтары туралы әңгіме жүргізілді. Ата- анамен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата- аналарға ашық есік күндер оздырылады. Сабақтарға ата-аналар қатысу кестесі жасалынды. Әр түрлі мәселелерде жиналыстар, «Қамқорлық- асыл қасиет» атты пікірлесулер өткізіліп, баяндамалар оқылды, әр түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап алынды.

Кемшіліктер: сынып, мектепшілік жиналыстарға ата – аналардың толық қатыспауы, ата-аналар тарапынан оқушылардың сабақтарына қатысуы аз болды.

Ұсыныс: ата-аналардың мектепшілік жиналыстарға толық қатысуы үшін жұмыстану, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты күшейту.

4. Зияткерлік тәрбие бағыты бойынша «Көшбасшылық дегеніміз не?» атты тәрбие сағаты өткізілді. Күнделіктердің толтырылуына назар аударғанда ұл балалардың күнделіктері талапқа сай емес екені байқалды. Факультатив үйірмелеріне сынып оқушылары толық қатысуда.

5. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Қарттарым – асыл қазынам» тәрбие сағаттары өткізіліп, Наурыз мерекесі тойланды. Осы арқылы оқушы бойына ұлттық тәрбие насихатталынды.

6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Табиғат қалай сенің жағдайың» тәрбие сағаты, «Тазалық – денсаулық кепілі» медбикемен әңгімелесу өткізілді.

Бөлме гүлдерін күтуге көңіл бөлініп, гүл ыдыстары ауыстырылды. Қыркүйек айының басында сыныпта кезекшілік ұйымдастырылды. Оқушылар өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, жұмыстарын дұрысы атқара білді.

Ұсыныс: мектепшілік сенбіліктерге қатысуды келер оқу жылы жалғастыру, мектеп алдын көгалдандыру, гүлдендіру жұмысына қатысуды жалғастыру.

7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие «Әдептілік- әдемілік», «Ұстаз – мектеп жүрегі» атты ашық тәрбие сағаты өткізіліп, ардагер ұстаздармен кездесу ұйымдастырылды. Сондай-ақ мектеп ережелерімен, жарғысымен таныстырылды.

Тиімді жақтары: Оқушыларды еркін сөйлеуге, өз білімін көрсетуге, шығармашылық жұмыспен айналысуға үйрету, өнерлі, білімді, әдемі болуға тәрбиелеу, өз пікірін қорғап, дәлелдей білуге баулу, тіл мәдениетін дамытуда маңызы зор. Сынып оқушылары факультативтерге, үйірмелерге қатысты.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша «Фасфуд өнімдерінің зияны», «ЖҚТБ- ғасыр дерті», «Денсаулық- зор байлық» тәрбие сағаты, Жол белгілерінің халықаралық тілі әңгімелесу өткізілді. Оқушыларды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, есірткі, алкоголь, темекі сияқты зиянды заттардың денсаулыққа қауіптілігі жайында мәліметтер беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, спорттық сайыстарға деген қызығушылығын арттыру және дамыту.

Тиімді жақтары: Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттауда жетекші рөл атқарады.

Ұсыныс: спорттық іс-шараларға белсене қатысуды жалғастыру.

Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылған. Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні белгіленіп, өз балаларының сабақтарына қатынасып отырды. Тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Ата-аналармен бірлескен кештер, жарыстар, сайыстар өткізіліп тұрды.

Келесі оқу жылына алаңған шешімдер:

- Жаңа оқу жылында ата-аналармен ортақ жұмысты одан әрі жандандырып, ата-аналар жиналысына 100 пайыз қатынасуды қамтамасыз ету;
 - Жаңадан еніп жатқан пәндер (физика, химия, биология т.б.) мұғалімдерімен әңгімелесіп, сабақтарына қатынасу;
 - Оқушылардың сабаққа қатысымын жете қадағалап, ата-аналарымен тығыз байланыста болу;
 - Оқушылардың өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі қадағалауын қалыптастыру;
- Сынып жетекшісі: Нургалиева Алтынай Жалеловна.

